



БАУЫРЛАС ЕЛДЕР БАЙЛАНЫСЫ ЖАҢА СИПАТТА ӨРБИДІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген Түрікменстан Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары – Сыртқы істер министрі Рашид Мередовті қабылдады.

Мемлекет басшысы түрікмен дипломатына ілтипат білдіре отырып, достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестік рухында нығайтып келе жатқан қазақ-түрікмен қатынастарының қазіргі жай-күйіне оң баға берді.

— Біз Түрікменстанды сенімді стратегиялық серіктес және тарихи тұрғыдан туыс мемлекет ретінде қарастырамыз. Шын мәнінде, соңғы жылдары елдеріміз арасындағы ынтымақтастық қарыштап дамып, соның ішінде экономиканың стратегиялық салалары тың қарқын алды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев орайлы сәтті пайдалана отырып, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов пен Түрікмен халқының ұлттық көшбасшысы, Халқ Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовке ізгі тілегін жолдады.

Рашид Мередов дәстүрлі түрде құрмет көрсеткені үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтып,

мемлекетаралық байланыстың барлық бағыты бойынша Астанамен арадағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге Ашхабадтың бейілді екенін растады.

Кездесуде сауда-экономика, энергетика және көлік-логистика салаларындағы ірі жобалардың жүзеге асырылу барысы талқыланды. Сондай-ақ аталған жобаларды толықтай іске асыру маңызды екені атап өтіліп, бұл бауырлас мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарға жаңа сипат беретіні жайында айтылды.

Бұдан бөлек, жылдан-жылға тың мазмұнмен байып келе жатқан мәдени-гуманитарлық саладағы ықпалдастыққа баса мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Рашид Мередов өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылап, жоғары деңгейдегі байланыстардың алдағы кестесін қарастырды.

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖОБАЛАРЫНА ИНВЕТОР ТАРТУ МАҢЫЗДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасының міндетін атқарушы Асхат Хасеновті қабылдады.



Мемлекет басшысына компанияның биылғы бірінші тоқсанда атқарған операциялық және қаржылық қызметінің нәтижелері туралы есеп берілді. Президентке «ҚазМұнайГаздың» көптеген негізгі көрсеткіш бойынша былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда өсімге қол жеткізгені жөнінде баяндалды.

Асхат Хасенов ірі инвестициялық жобалардың, соның ішінде Жаңаөзенде гибриді электр станциясын және Атырау облысында қуаты 1,25 миллион тонна болатын полиэтилен өндіру зауытын салу, мұнай-химия кластерін дамыту, Каспий теңізіндегі Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов кен орындарын игеру барысы жайында айтты.

Президентке компанияның 2023 жылы іске қосылған газ кен орындары, сондай-ақ қорларды толтыру және мұнай өндіру деңгейін сақтау мақ-

сатында жүргізіліп жатқан геологиялық барлау жұмыстары туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, «ҚазМұнайГаз» Қызылорда облысындағы Торғай палеозой учаскесінде терендігі 5 500 метр ұңғыма және Каспий теңізіндегі Абай учаскесінде бұрғылау жұмыстарын жүргізуді көздейді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылуы және компанияның су тасқынына қарсы іс-шараларға қатысты атқарған жұмыстары туралы айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев геологиялық барлау, мұнай-газ химиясы салаларындағы жобаларға ірі инвесторларды тарту жөнінде бірқатар тапсырма берді. Сондай-ақ отандық мұнай өңдеу зауыттарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету қажет екеніне ерекше назар аударды.

ЭВЕРЕСТКЕ ШЫҚҚАН ҚАЗАҚ ҚИЗЫ

6 сәуірде Kazakh Everest Team спорттық-патриоттық экспедициясының қатысушылары Эвересттің шыңына бет алған болатын. Экспедиция құрамында әлемнің ең биік шыңына осымен үшінші рет шыққан, аты аңызға айналған альпинист Мақсұт Жұмаев, Анар Бурашева және Альмир Қымбатбайұлы болды.



ГИМНАСТАР АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫН СӘТТИ АЯҚТАДЫ

Мамырдың екінші жартысы спорттық гимнастикадан ірі жарыстарға толы болды. Қазақстан құрамасы Өзбекстанның Ташкент қаласында өткен лицензиялық Азия чемпионатында тарихи жетістіктерге қол жеткізді.



ҚАЗАҚ ТІЛІ ЕМТИХАНЫ – САЛМАҚТЫ СЫНАҚ

Еліміздің білім саласы жаңартылған білім беру мазмұнына көшкелі бері биыл алғаш рет бастауыш сыныптан басқа барлық сынып оқушылары қазақ тілінен емтихан тапсырып жатыр.

» 5

АУҚЫМДЫ РЕФОРМАЛАР ЖАСАЙТЫН КЕЗЕҢ



Тәуелсіздік жылдары Қазақстан шетелдік инвестицияларды тартуда елеулі жетістіктерге қол жеткізгені белгілі. Тұтастай алғанда олар ел экономикасын, әсіресе өндіріс секторларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Бұл мәселе әлі де өзектілігін жойған жоқ. Мемлекет басшысы Сингапурға ресми сапары барысында: «Біз ЖІӨ мөлшерін 2029 жылға қарай екі есе, яғни 450 миллиард долларға дейін жеткізуге ниеттіміз. Осы асқақ мақсатқа жету үшін біз білім мен инновацияға негізделген заманауи экономиканың іргесін қалап, жыл сайын 6 пайыз өсімді қамтамасыз етуге тиіспіз. Біз Сингапур сияқты бизнес, қаржы, дарындылар мен инновация шоғырланатын сенімді орталыққа айналуға ұмытпаламыз», — деп мәлімдеген болатын.

(Жалғасы 2-бетте)

КӨКТЕМГІ ЖАРЛЫҚТЫҢ КӨЗДЕГЕНІ – ӘДІЛЕТ

Экономикаға мемлекеттің, тиісінше, шенеуніктердің араласуын қысқарту, бизнеске нарық төрінен орын беру үрдісі жаңа деңгейге шықты. Мемлекет басшысы 2024 жылғы 10 мамырда «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойғаны мәлім. Енді Үкімет осы құжат аясында экономиканы ырықтандыру қалай жүретінін пысықтап жатыр. Мысалы, «Самұрық-Қазына» мен оның тобына кіретін компаниялардың нарықтарға қатысуының қаншалықты орынды екені зерделенбек.

Бұл Жарлық Президенттің биылғы 7 аптада, Бектеновтің жаңа Үкіметінің бірінші кеңейтілген отырысында берген тапсырма-сын орындау мақсатында әзірленді. Ол бәсеке-лестікті дамыту, мемлекеттің экономика салаларынан кетуі, бизнестің шығындарын азайту арқылы елдегі кәсіпкерлік еркіндікті қамтамасыз етуге бағытталған.

» 4





САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВКЕ ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛДЫ

Ақкөл қаласында Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шара өтті. Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев қатысты.

Сондай-ақ Сағадат Нұрмағамбетов ескерткішінің ашылу рәсіміне Қорғаныс министрі Руслан Жаксылықов, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, батырдың қызы Айсулу Нұрмағамбетова, Қарулы күштердің ардагерлері, Халық қаһарманы, отставкадағы армия генералы Мұхтар Алтынбаев, Халық қаһарманы, отставкадағы генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, отставкадағы авиация генерал-майоры Токтар Әубәкіров, елордадағы әскери колледждің курсанттары, Ақмола гарнизонының әскери қызметшілері, Сағадат Нұрмағамбетовтің жақындары және қала тұрғындары қатысты.

Іс-шараға қатысушылар әскерилер ротасының құрмет карауының және Қарулы күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталық оркестрінің сүйемелдеуімен данқты батырдың ескерткішіне гүл шоғын қойып, рухына тағзым етті.

Салтанатты рәсімде Мәулен Әшімбаев жұртшылыққа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Сондай-ақ ол Сағадат Нұрмағамбетовтің өнегелі өмірі өскелең ұрпаққа әрдайым үлгі екенін және батырдың есімі ел тарихына мәңгіге жазылғанын атап өтті.

«Қазақстанның алғашқы армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов бүкіл саналы ғұмырын әскери қызмет саласына арнады. Мемлекетіміздің тұңғыш Қорғаныс министрі ретінде айбынды армиямызды құруға және оны нығайтуға зор үлес қосты. Ол өзінің болмыс-бітімімен, өмірлік ұстанымымен және ақыл-парасатымен қазақ генералының нағыз үлгісіне айналды. Батырдың ескерткіші — халықтың қаһарман ұлына ыстық ықыласының, Отан қорғауға өмірін арнаған барша азаматқа шынайы құрметінің белгісі. Сағадат Нұрмағамбетовтің «Бейбіт күнді қырағы күзетіңдер!» деген сөзі бар. Бұл — тек сарбаздарға емес, әр отандасымызға жүктелген аманат. Оны орындау — біріміздің перзенттік парызымыз», — делінген ел Президентінің құттықтау хатында.

Өйткені ол — «Сингапурға жайыбы» деген атқа, қала-мемлекет деген атаққа ие болған, табиғи қазба байлықтарсыз-ақ өз-өзін қалыптастырған мемлекет. Президенттің сол елде ауқымды бизнес-форум ұйымдастырып, экономикаға қажетті алғышарттарды жасауы болашақта экономикамызға оң ықпалын тигізетіні сөзсіз. 2029 жылға дейін 150 млрд АҚШ долларына жуық шетелдік инвестиция тарту туралы ақпараттың өзі сапардың құндылығын көрсетіп отыр. Мұндай межеге жету үшін біз де сол мемлекет секілді шағын және орта, ірі бизнес субъектілеріне жасалған қолайлы инвестициялық климат қалыптастыруымыз керек. Экономикамызға алдыңғы қатарлы дамыған елдердің экономикасына тән — салықтық мөлшерлеменің төмендігі, кәсіпкерлік және инвестициялық ортаның жағымды болуы және коррупцияның болмауы секілді үш айқын факторлар қажет. Егер шетелдік немесе отандық инвесторларға осы секілді артықшылықтарды ұсынып,

көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірі мен соңында қалған рухани мұрасын дәріптеу маңызды іс екенін, мұндай қадам ұлттық бірегейлікті нығайта түсетінін тілге тиек етті.

Батырдың қызы Айсулу Нұрмағамбетова әкесі бүкіл ғұмырын Отанға қызмет етуге арнағанын айтып, естеліктерімен бөлісті. Сонымен бірге ол игілікті іске ұйытқы болған азаматтарға және ескерткіштің авторы Айдос Бүркітбаевқа алғысын білдірді.

Жасарбаздарданқты қолбасшыға құрмет көрсетіп, әскери оркестрдің сүйемелдеуімен ескерткіш алдынан сап түзеп өтті.

Айта кетейік, Сағадат Нұрмағамбетов 1924 жылғы 25 мамырда Ақмола облысының Еңбек ауылында дүниеге келген. Ол — әскери колледждің курсантынан армия генералына дейіп, пулеметшілер взводының командирінен тәуелсіз Қазақстанның Қорғаныс министріне дейінгі жолды жүріп өткен бірегей тұлға. Сағадат Қожахметұлының ерен ерлігі мен қайсарлығы КСРО-ның, Қазақстан Республикасының және тағы басқа мемлекеттердің 16 орденімен және 30 медальмен марапатталды.

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ ЗАНДАРДЫ ҚАРАЙДЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев палата бюросының отырысын өткізді. Онда депутаттар 30 мамыр күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті. Сондай-ақ осы аптада болатын іс-шараларды пысықтады.



Сенаторлар палатаның алдағы отырысында алты заңды қарайды. Олардың қатарында «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» заң және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне органикалық өнім өндірісі және айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар бар.

Аталған заңдардың нормалары отандық азық-түлік өндірушілерді органикалық өнім өндіруге ынталандыруды және олардың сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыруды көздейді.

Сонымен қатар депутаттар ғылым саласының стратегиялық, кәсіптік және әлеуметтік мәселелерін шешуге, ғылыми кадрлар даярлауға лайықты

жағдай жасауға, сондай-ақ ғылыми қызметкерді әлеуметтік қорғау кепілдіктерін іске асыруға арналған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңды және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және технологиялық саясат, платформалық жұмыспен камту және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды қарайды.

Одан бөлек, бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмысы үшін тұрақты Комитеттерге бөлініп берілді.

АУҚЫМДЫ РЕФОРМАЛАР ЖАСАЙТЫН КЕЗЕҢ

Басы (1-бетте)

Кәмила ЕРКІН

Нарықтық экономикада қолайлы инвестициялық климат ұзақ мерзімді инвестицияларды тартуға көмектесіп қана қоймай, экономикалық өсімге дем беретіні белгілі. Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингін «BBB», яғни экономикамызға «Тұрақты» деңгейде деп баға берді. Ал FDI standouts Watchlist жылдық зерттеуінің нәтижелері бойынша Қазақстан 2023 жылы макроэкономикалық даму мен тікелей шетелдік инвестицияларды тартудың жаһандық рейтингінде алтыншы орынды иеленді. Елімізде 2021 жылдан 2023 жылға дейін тікелей шетелдік инвестициялар күрделі салымдары — 277%-ға өсіп, жобалар саны — 62,7%-ға артқан. Қазақстандағы Инфляция 2024 жылы 9%, ал ЖІӨ өсімі 4,2% құрайды. ТМД-ның 15 елі мен Орталық Азия елдері арасында Қазақстан тікелей шетелдік инвестицияларды (ТШИ) тарту бойынша көшбасшы орынды иеленді. Еліміздің үлесі 61 пайыз құрап отыр.

Сарапшылардың пікірінше, соңғы жиырма жыл ішінде елімізде толыққанды нарықтық экономиканың орнына «мемлекеттік капитализм» деп аталатын экономикалық жүйе құрылды. Мұндай түскен пайданы бөлуге негізделген мұндай жүйе мемлекеттің экономикадағы рөлін ұлғайтқаны белгілі. Дегенмен Президент «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қою арқылы көптен бері халықтың көкейінде жүрген сауалға біржолата нүкте қойғандай. Мемлекет басшысы осы арқылы ел экономикасы нарықтық қатынастар мен капитализмді негізге ала отырып, дамитынын көрсетті. Сарапшылар алдағы уақытта құрылатын Жекешелендіру жөніндегі ұлттық офисіне Бәсекелестікті қорғау агенттігінің қарамағында болатындықтан, жемісті жұмыс атқарады деп сенім білдіріп отыр. Себебі осыған дейінгі мұндай қадамдар тікелей Үкіметтің жауапкершілігінде



болды. Әрі сәтсіз аяқталғанынан да жұртшылық хабардар.

Экономист, Бауыржан Ысқақовтың айтуынша, Мемлекет басшының Сингапурға сапары біз секілді шикізатқа тәуелді мемлекет үшін үлкен мүмкіндік.

— Өйткені ол — «Сингапурға жайыбы» деген атқа, қала-мемлекет деген атаққа ие болған, табиғи қазба байлықтарсыз-ақ өз-өзін қалыптастырған мемлекет. Президенттің сол елде ауқымды бизнес-форум ұйымдастырып, экономикаға қажетті алғышарттарды жасауы болашақта экономикамызға оң ықпалын тигізетіні сөзсіз. 2029 жылға дейін 150 млрд АҚШ долларына жуық шетелдік инвестиция тарту туралы ақпараттың өзі сапардың құндылығын көрсетіп отыр. Мұндай межеге жету үшін біз де сол мемлекет секілді шағын және орта, ірі бизнес субъектілеріне жасалған қолайлы инвестициялық климат қалыптастыруымыз керек. Экономикамызға алдыңғы қатарлы дамыған елдердің экономикасына тән — салықтық мөлшерлеменің төмендігі, кәсіпкерлік және инвестициялық ортаның жағымды болуы және коррупцияның болмауы секілді үш айқын факторлар қажет. Егер шетелдік немесе отандық инвесторларға осы секілді артықшылықтарды ұсынып,

дәл сондай орта қалыптасырып бере алсақ, онда Президент мәлімдеген 150 млрд АҚШ долларына тең инвестиция тарту, әрине мүмкін дер едім, — дейді ол.

Қазақстан қазір Орталық Азия елдері арасында инвестициялық тартымдылығы жағынан алғашқы орында. Сарапшы Азия елдері ішінде Сингапурда көптеген халықаралық компания қалыптасып үлгергені еліміз үшін үлкен мүмкіндіктер есігін ашады деген пікірде.

— Ендігі кезекте мұндай алпауыт компаниялар үшін өзінің бизнес мүмкіндіктерін арттырып, одан әрі дамытатын мемлекет қажет. Сондай мемлекет ретінде олар біздің елімізге көзі түсіп отыр. Сондықтан оларға қажетті инвестициялық климатты қалыптастырған абзал. Жемқорлықтан ада, кәсіпкерлікке тиімді ел ретінде өз нарығымыздан орын беруіміз қажет. Жазғы уақытта Сингапурдың ірі компаниялары бізге арнайы іссапармен келмек. Сол сәтте қонақжайлылығымызды экономиканың игіліктері үшін пайдаланып, жергілікті атқарушы органдар да жоғары деңгейдегі дайындықпен инвесторларға барынша жағдай жасау орынды. Өкілеттілігі жоғары Жоғары инвестициялық кеңестің құрылуының да негізгі мақсаты осы, — дейді сарапшы.

тіпті жоқтың қасы деп айтуға болады. Әкімшілік кедергілер де төмен дәрежеде, валюталық бақылауды да кездестірмейсіз, — дейді экономист.

Бауыржан Ысқақовтың айтуынша, міне осы факторлар нарықта бәсекелестіктің дамуына жол ашады. Бізде де осы бағытта көптеген жұмыс атқарылуы керек.

— Мемлекеттің экономикадағы үлесін азайтып, келесі жылдан бастап оның нарықтағы үлесін 14-15 пайызға төмендететін болсақ та, үлкен нәтиже дер едім. Сол себепті квазимемлекеттік секторлардағы нысандардың барлығын жекешелендіруіміз қажет. Олар экономикаға пайда әкелетін ортаға ауысса, өз кезегінде экономиканы ырықтандыруға жағдай жасайды. Осылайша, алдағы 5 жылдың қоржынында еліміздің ЖІӨ-ні 450 млрд АҚШ долларына жеткізу көзжетімді бола түспек. Мысалы, былтыр экономиканың жалпы өсімі 5,1 пайыз болды. Бірақ біз аталған көрсеткішке жету үшін, жыл сайынғы экономикалық өсім 6 пайыздан төмен болмауы қажет. Сондықтан бұл — тәуекелі мол, батыл қадам. Одан қорқудың да қажеті жоқ, себебі қазір ауқымды реформалар жасайтын кезең. Қазір ЖІӨ көлемі 260 млрд АҚШ долларынан асып отыр. Бұл — Орталық Азия елдерімен салыстырғанда ең жоғары көрсеткіш. Жан басына шаққандағы ішкі жалпы өсім де артып келеді, атап айтқанда былтыр бұл 13 мың АҚШ долларының деңгейіне жетті. Алдағы уақытта 1,6 мың АҚШ долларына өсіп отырса, 3-4 жыл көлемі ішінде 17 мыңға жеткізуге болады. Мұның барлығы біріншіден, азаматтардың өмір сүру деңгейін көтермелесе, екіншіден, инвестициялық климаттың жақсаруына жағдай жасайды, — дейді экономист.

Инвестиция экономикаға жанармай секілді қуат беріп, көптеген жұмыс орындарының қалыптасуына әсер етеді. Әлем картасында еліміз әріптестік орнатқан елдер саны қаншалықты көп болса, ішкі нарыққа құйылатын қаржы көлемі мен салық мөлшері де соншалықты арта түсетіні анық. Бұл өз кезегінде әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларымызды жүзеге асыруға көмектеседі.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРДЫ



12 мың алматылық қаржылық сауаттылық бойынша оқудан өтуге мүмкіндік алады. «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы басталғаннан бері мегаполистің 3 500 тұрғыны өз қаржысын басқаруды үйренді.

Бұл ақпаратты Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында жобаның бастамашылары айтты.

«AMANAT» партиясы іске қосқан «Қарызсыз қоғам» жобасы проблемалық кредиттер мен қарыздар салдарынан қиындықтарға тап болған қазақстандықтарды қолдауға бағытталған. Алматыда жоба 2024 жылдың 5 ақпанынан бастап қалалық әкімшілікпен бірлесіп жүзеге асырылуда.

Брифингте сөз сөйлеген «AMANAT» партиясының Алматы қалалық филиалы төрағасының орынбасары Қуаныш Төлепов Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында жобаның маңыздылығын және оны еліміздің барлық өңірлерінде кеңейту қажеттігін атап өтті.

«Биыл жоба бойынша еліміздің барлық өңірінде 200 мың адамды, оның ішінде Алматы қаласының 12 мың тұрғынын оқыту жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта қала әкімдігімен бірлесе каламыздың 6 мекенжайы бойынша оқыту өткізілуде. Алматы қаласына 6 қаржы сарапшысы бекітілген. Олар түске дейін жалпы бағдарлама, түстен кейін қатысушының қалауы бойынша жеке кеңестер береді. Жоба қаланың 8 ауданын қамтиды. Оқыту 5 күн болады. Осы уақыт ішінде қатысушылар отбасылық бюджетті жүргізуді, шығындарын басқаруды, несиелік қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу бойынша ұсыныстар алуды, тиімді шарттармен несие таңдауды, депозиттердің әртүрлі шарттарымен танысуды, ірі сатып алуларды жоспарлауды үйренеді», — деді К.Төлепов.

Жоба басталғаннан бері қазіргі уақытқа дейін 11 ағын, барлығы 3 500-ден астам қатысушы қаржылық сауаттылық бойынша оқытудан өтті.

Сондай-ақ оқыту шеңберінде қаржы сарапшылары жеке консультациялар өткізеді және қатысушылардың қалауы бойынша өз бизнесін ашу үшін мемлекеттік гранттық және кредиттік бағдарламаларға бизнес-жоспар жазуға көмектеседі. Жоба аясында қатысушылар білікті заң көмегін алып, шоттарына тыйым салынған, қарыздары коллекторлық компанияға сатылған жағдайда немесе несиелік қарызды қайта құрылымдау бойынша көмектер ала алады. Бұл оқудан офлайн форматта бір топта 100 адамға дейін өтуде.

«Қарызсыз қоғам» жобасы қарызға белшеден батып, үмітін үзгендерге нақты қолдау көрсетеді. Жоба қолда бар қаражатқа өмір сүруге, қажетсіз несиеден бас тартуға үйретеді. Барін осы жобаға қатысып, өзінің қаржылай сауаттылығын арттыруға шақырамын», — деді К.Төлепов.

Оқыту азаматтарға қаржылық мәселелерді жақсырақ басқаруға және ақшаларын басқаруда негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі деп күтілуде. Бұл өз кезегінде қоғамдағы жалпы экономикалық тұрақтылықты жақсартуға ықпал етеді.

Тегін курстар мен оқудан өтуге ниет білдірушілер тұрғылықты жері бойынша «AMANAT» партиясының аудандық филиалына немесе аудан әкімдіктеріне жүгіне алады. Қатысушыларға ыңғайлы болу үшін doqamfm.kz онлайн-платформасы да іске қосылды, ол арқылы оқу курстарына жазылып, пайдалы материалдар мен бейнесабақтарды жүктеп алуға болады.

ИНКЛЮЗИЯ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ҚҰРЫЛДЫ



Кедергісіз орта құру, инклюзивті қоғам қалыптастыру, мүгедектігі бар отандастарымыздың өмір сапасын жақсарту, осы және өзге де мәселелер «AMANAT» партиясы жанынан құрылған Мүгедектігі бар адамдардың инклюзиясы жөніндегі республикалық кеңесте талқыланды. Кеңес төрағасы – Сенат депутаты, «AMANAT» партиясы Саяси кеңес бюросының мүшесі Ләззат Қалтаева.

Президент мүгедектігі бар адамдарды қолдау мәселесіне жіті назар аударып келеді. Осы орайда, «AMANAT» партиясы Мемлекет басшысының қоғамдық тірегі ретінде әділетті әрі инклюзивті қоғам құру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр.

«Кеңес барша азаматтың теңдігі мен құқығын қорғаудың маңызды құралы саналады. Яғни, біз адамдардың, соның ішінде мүгедектігі бар жандардың мүддесіне мұқият назар аударуға негізделген әлеуметтік әділеттілік туралы айтып отырмыз. Бүгінде ерекше қажеттілігі бар адамдардың мүддесі Парламентте де, мәслихаттарда да назарға алынған. «Инклюзивті Парламент» депутаттық тобы белсенді жұмыс істеуде. Мүгедектігі бар азаматтардың құқығын қорғау мәселесі заң жүзінде бекітілген», — деді партия хатшысы Шолпан Каринаева.

Кеңес төрағасы Ләззат Қалтаеваның айтуынша, сайлау және саяси партиялар туралы заңдарға енгізілген өзгерістер мүгедектігі бар адамдардың маңызды саяси шешімдер қабылдауға қатысуына мүмкіндік берді.

«Біз «мүгедек», «мүгедек бала» деген сынды кемсітушілік терминдерден бас тартып, халықаралық қағидаларға сай келетін терминдерге көштік: «мүгедектігі бар адам», «мүгедектігі бар бала», «есту қабілеті нашар адам», «көру қабілеті нашар адам» және т.б. 2023 жылы Әлеуметтік кодекс өз күшіне енді. Әрине, өмір бір орында тұрмайды. Үнемі өзгеріп отырады. Сондықтан кодекс те жетілдіріле береді. Бұл құжат азаматтардың туғаннан бастап өмірінің соңына дейінгі барлық әлеуметтік құқығын қамтиды», — деді ол.

Әлеуметтік маңызы бар нысандарды бейімдеу мәселесі туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты Арнаулы әлеуметтік қызметтер департаментінің директоры Сырым Нәсі баяндады. Оның айтуынша, бүгінде inva.gov.kz интерактивті қолжетімділік картасына сәйкес, 13 857 нысан немесе жалпы санның 33%-ы бейімделген. Өз кезе-

гінде, Қазақстан стандарттау және метрология институты Стандарттарды әзірлеу департаментінің басшысы Асқар Сопбеков бүгінде қолжетімділік бойынша 57 ұлттық стандарт пен 49 мемлекетаралық стандарт қабылданғанын және қолданысқа енгізілгенін жеткізді.

Кеңес төрағасының орынбасары, Мәжіліс депутаты Ерлан Әбдиев те инклюзия саласында стандарттарды енгізудің маңызын атап өтті. Алайда көше бойындағы, саябақтар мен мекемелердегі физикалық қолжетімділіктен бөлек, қандай да бір қызмет алу мүмкіндігі туралы да ұмытпаған жөн. Атап айтқанда, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 83-бабына сәйкес, елімізде мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы нысандарына кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілмегені үшін айыппұл қарастырылған. Халық қалауымыз оған «қызметтер» ұғымын енгізуді ұсынды. Депутат мысал ретінде несие алуға қолжетімділік мәселесін атап өтті.

«Эксперимент ретінде бір автокөлік салонына барып, несие алуға өтініш бердім. Алғашында маған тіпті өтініш қалдыру мүмкіндігі де берілмеді. Кейін олар басшылыққа қонырау шалып, құжаттарымызды қабылдады. Маған 7 банк те несие беруден бас тартты. Мәселе мынада — несиеге жүйесі зейнетақы жинағы арқылы қаралады. Аударым жасалмайтын адамға несие берілмейді. Ал мүгедектігі бар адамдар зейнетақы жарнасын төлеуден босатылған. Тиісінше, жүйе оны жұмыс істемейтін адам ретінде көреді. Ерекше қажеттілігі бар адамдардың әлеуметтік аударымдарын тексеру талабын қайта қарау қажет», — деді Ерлан Әбдиев.

Бұл ретте Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Нияз Сүндетәлиев Кеңес мүшелерін Қарағанды облысында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы хабарлар етті. Мысалы, биыл аталған өңірде 4 «Тен қоғам» әлеуметтік қолдау орталығы ашылып, сол арқылы ерекше қажеттілігі бар 374 адам жұмысқа орналастырылды.

Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Василий Шиманский мүгедектігі бар адамдардың жұмыспен қамтылу көрсеткішін арттыру үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеуді ұсынды.

Айта кетейік, Кеңес мүшелері өзге де өзекті мәселелерді талқылады. Соның ішінде: жаңа мемлекеттік стандарттарды әзірлеу, мүгедектігі бар адамдарға дәрілік препараттарды ұсыну, жұмыспен қамтамасыз ету, оналтудың техникалық құрал-жабдықтар паркін кеңейту, әлеуметтік нысандардың қолжетімділігіне мониторинг жүргізу және тағы басқа.

ОРМАН ЖҰМЫСТАРЫ – ПАРТИЯ БАҚЫЛАУЫНДА

Биыл Қостанай облысы Әулиекөл ауданында 547 гектар алқаққа 3,6 млн түп қарағай көшеті егілді. «AMANAT»-тың Қостанай облыстық филиалы Партиялық бақылау комиссиясының және Экологиялық кеңес мүшелері «Басаман» орман шаруашылығы мекемесінің жұмысымен танысты.

Партиялықтар орманды қалпына келтіру, өрт қаупі кезеңіне дайындалу және орманшыларды материалдық-техникалық құрал-жабдықтармен жарақтандыру жұмысына жүйелі түрде мониторинг жүргізуде.

Еске сала кетейік, 2022 жылы қыркүйекте Қостанай облысы Әулиекөл ауданындағы орман алқабын жалын шарпыды. Өрт сөндіру жұмысы 2 қыркүйектен 10 қыркүйекке дейін жалғасты. Тілсіз жау 43 мың гектардан астам аумақты отап кеткен болатын. «AMANAT» партиясы апаттың алғашқы күнінен-ақ зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету жұмысына қосылды. Партиялықтардың күшімен 1 200 тонна гуманитарлық көмек жиналды. Өңірге «Жастар Рухы» жастар қанатының 300-ден астам



волонтерлері барды. Жергілікті жерде Мәжіліс депутаттары, партия фракциясының мүшелері көмек көрсетті.

Айта кетейік, «Басаман» мекемесіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік



орман қорының аумағы 45,2 мың гектарды құрайды. Оның 12,3 мың гектары – орман. Бүгінде тәлімбақ құру және оны суару бойынша арнайы жоба әзірленіп, жұмыстар басталды.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – БОЛАШАҚ ТІРЕГІ

«AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалының Саяси кеңесі кеңейтілген алқа отырысын өткізді. Жиында Ұрпақ тәрбиесі және оқушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Өңірде биылғы жылдың соңғы үш айының ішінде өңір бойынша әлеуметтік желіде жарияланған балаларға қатысты әлімжеттік сипатындағы 4 құқықбұзушылық анықталған. Байзақ ауданында – 2 жағдай, Сарысу ауданында – 1, Меркі ауданында – 1 жағдай. Мұның екеуі аса ауыр қылмыс болып тіркеліп отыр.

Аталған тақырып аясында облыс әкімдігі Білім басқармасының басшысы Рауан Садырқұлов пен Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы, полиция полковнигі Серік Әлдибековтың баяндамасы тыңдалды. «Баланың қылығы түзде» дегенді алға тартқан жауапты мамандар



оқушылар мен жасөспірімдер арасында өткен жылдармен салыстырғанда құқықбұзушылықтың өскенін ашық айт-

ты. Мәселен, осы жылдың 4 айының қорытындысы бойынша, облыста көмелетке толмағандардың қатысуымен 27

қылмыс жасалса, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 3,8%-ға артқаны анықталып отыр. Бұл өз кезегінде ата-

аналар арасындағы балаға деген жауапкершілікті арттыруды қажет ететін дүние екені айтылды. Жиын барысында кеңес мүшелері ата-аналардың бала тәрбиесіне немқұрайлы қарауына жол берілмеу туралы пікірлермен қоса, ата-аналар институтын қайта жаңғырту туралы ұсыныстар ортаға тасталды.

Сондай-ақ мамандандырылған күзет қызметінің жұмысы да қатаң сынға алынды. Себебі күзет агенттіктері жауапты жұмысты мемлекеттік сатып алу арқылы төмен қаржыға ұтып алып, сапасыз қызмет көрсететіндігі белгілі. Бұл да өз кезегінде жауапкершілігі аса жоғары құрылым болмақ. Дегенмен кей жағдайда құрылым қызметі сапа жағынан өте төмен жағдайда екені айтылды.

Алқалы отырыста партия облыстық филиалы тарапынан кәмілетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыруда ведомстволарлық бірлескен әрекеттестікті күшейту үшін жергілікті билік, құқық қорғау органдары, үкіметтік емес ұйымдар мен ата-аналар комитетінің өзара ынтымақтастығы туралы Меморандумға қол қойылды.

Экономикаға мемлекеттің, тиісінше, шенеуніктердің араласуын қысқарту, бизнеске нарық төрінен орын беру үрдісі жаңа деңгейге шықты. Мемлекет басшысы 2024 жылғы 10 мамырда «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойғаны мәлім. Енді Үкімет осы құжат аясында экономиканы ырықтандыру қалай жүретінін пысықтап жатыр. Мысалы, «Самұрық-Қазына» мен оның тобына кіретін компаниялардың нарықтарға қатысуының қаншалықты орынды екені зерделенбек.

Бұл Жарлық Президенттің биылғы 7 ақпанда, Бектеновтің жаңа Үкіметінің бірінші кеңейтілген отырысында берген тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді. Ол бәсекелестікті дамыту, мемлекеттің экономика салаларынан кетуі, бизнестің шығындарын азайту арқылы елдегі кәсіпкерлік еркіндікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Ақорданың түсініктемесінде айтылғандай, біріншіден, жаңа мемлекеттік орган пайда болады. Бәсекелестікті қорғау

КӨКТЕМГІ ЖАРЛЫҚТЫҢ КӨЗДЕГЕНІ – ӘДІЛЕТ



Әлі күнге дейін мемлекеттік автобус паркттері, микроқаржы ұйымдары, аумақтарды тазалау және абаттандыру ұйымдары, қонақүйлер мен санаторийлер, күзет агенттіктері және басқасы бар. Олар өз қызметіне бюджеттен тікелей тапсырыстар мен субсидиялар алады.

және дамыту агенттігінің жанынан Жекешелендіру жөніндегі ұлттық офис құру көзделген. Жаңа ведомство жекешелендіруге жататын мемлекеттік активтердің критерийлерін әзірлеумен, тізбесін қалыптастырумен айналысады.

Екіншіден, «Самұрық-Қазына» ҰӘК» АҚ мен оның еншілес компанияларында корпоративтік басқарудың дербестігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ олар жүзеге асыратын сатып алу процесстерін жетілдіру жөніндегі шаралар қарастырылған. Үшіншіден, тауарлар нарығындағы бәсекелестікті дамыту үшін бірқатар нақты шараны іске асыру жоспарланған.

Төртіншіден, бизнес ашу және жүргізу үшін реттеу саясатын ары қарай жетілдіру, рәсімдерді ырықтандыру шаралары ұсынылады. Осылайша, тұтынушылардың квазимемлекеттік ұйымдар көрсететін коммерциялық қызметтерге қолжетімділігін, техникалық шарттарды алу және инженерлік желілерге қосылу рәсімдерін жеңілдету, бұл үшін автоматтандыру, цифрландыру көзделді. Қазақстандық стандарттар бойынша міндетті түрде жобалау-сметалық құжаттама әзірлемей, оның орнына объектілерді салу кезінде озық халықаралық стандарттарға сай келетін дайын жобаларды пайдалануға мүмкіндік берілмек.

Бесіншіден, Жарлықта бизнестің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейтуге, соның ішінде экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтарды қылмыс санатынан алып тастау, мемлекеттік органдар бастамашы болатын тыйым салу-шектеу шараларын прокурорлармен келісу және басқа да рәсімдер арқылы күшейтуге бағытталған іс-шаралар кешені жеке блок ретінде берілген.

Жарлықтың жүзеге асырылуы экономикадағы мемлекеттік сектордың үлесін ауқымды және жедел түрде

қысқартуға, жеке кәсіпкерлік үшін экономикалық кеңістікті ұлғайтуға қосымша серпін береді.

КМС КІМНІН МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ?

Қазақстанда шенеуніктердің бизнестің шаруашылық істеріне араласуына, бизнес жүргізуіне заңмен тыйым салынған. Сондықтан олар мұны айналма жолмен – квазимемлекеттік сектор (КМС) арқылы жасайды. Салдарынан әрбір министрліктің, мекемелердің, әкімдіктердің КМС-те төл компаниялары бар. Бұдан бөлек, Үкімет «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын, ұлттық компанияларды ұстап отыр. Мемлекет осы арқылы тек саясатымен шектелмей, экономикаға тікелей қол сұғады.

Нәтижесінде, бүгінде квазимемлекеттік секторда 6,4 мыңға жуық субъект тіркелген. Оларға 400-ге жуық кәсіпкерлік және басқа қызмет түрін жүзеге асыруға рұқсат берілген. Сондықтан Президенттің тапсырмасымен Үкімет жекешелендіруге және жекеленген қызмет түрлеріне шектеулер енгізуге, ел экономикасына мемлекеттің қатысу үлесін төмендетуге бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырады.

Әйтпесе, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі жүргізген талдау көрсеткендей, мемлекеттің иелігінде стоматология, сауда, тұрмыстық қатты қалдықтар және басқа салаларда әрекет ететін кәсіпорындары бар. Агенттік солардан құралған, бәсекелестік ортаға беруге жататын 43 кәсіпорыннан тұратын тізім жасады.

Антимополиялық органның түсіндіруінше, КМС өз ішінде экономикалық және экономикалық емес деп бөлінеді. Соның ішінде экономикалық емес субъектілеріне мыналар жатады: біріншіден, әлеуметтік: мемлекет атынан халыққа қызмет көрсететін нысандар. Екіншіден, көмекші, қосалқы: әрбір салалық бағытта мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру мақсатында орталық және жергілікті атқарушы органдарға

қызмет көрсететін субъектілер. Үшіншісі – ғылыми мекемелер.

Ал экономикалық субъектілерге біріншіден, қоғамдық және аса маңызды инфрақұрылым объектілерінің экономикалық ұйымдары (инфрақұрылымдық ұйымдар), екіншіден, стратегиялық инвестициялық бағыттағы ұйымдар (инвестициялық ұйымдар) кіреді.

Мемлекет, әрине бұлардың бәрінен бас тартпайды, бірақ, негізінен экономикалық бағыттағысының кө-

мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуының тұжырымдамалық тәсілдері заңнамада жаңадан бекітіледі», – деп хабарлады Премьер.

Яғни, жаңа заң жобаларының топтамасы әзірленбек. Үкімет басшысының мәліметінше, заңнамада келесі мәселелер ескерілетін болады: бәсеке мен ұсыныс деңгейі төмен тауар нарықтарына мемлекеттің субсидиялық қатысуы. Стратегиялық және әлеуметтік объектілерді қоспағанда, нарық субъектілеріне уақытша қатысу. Мемлекет қатысатын нарық субъектісін құрудың мақсаттары мен міндеттері және олардың жетістігін бағалау кезеңділігін айқындау. Сондай-ақ тиімді жекешелендіру үшін экономикалық жағдай жасау.

– Бұл ретте ағымдағы 2024 жылы әлеуметтік және стратегиялық объек-

тілерді қоспағанда, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның және оның кәсіпорындарының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің отандық тауар нарықтарына қатысуының орындылығы тұрғысынан талдау жүргізілетін болады, – деп хабарлады О.Бектенов.

ҚОРДЫҢ ҚАУҚАРЫНА КӨНІЛ ТОЛА МА?

Ел басшылығының квазимемлекеттік секторды реформалау туралы міндет қоюы бекер емес. Ұлттық компаниялар, квазимемлекеттік сектор шенеуніктердің, әкімдердің, басқасының отбасы мүшелеріне, туыс-туғанына жоғары жалақылы әрі жеңіл жұмыс тауып беретін институтқа айналып кеткені күйі емес.

Мұның сыртында КМС өз алдына қойылған биік мұраттардың үдесінен шыға алмады. Мысалы, 2014 жылғы қарашада «Самұрық-Қазына» трансформациялау бағдарламасы бірінші Президенттің қатысуымен, үлкен сән-салтанатпен іске қосылды. Сол кездегі Президент осы ұлттық әл-ауқат қорының жиынтықты активтерін 5 жыл ішінде 2 еселеп, 200 миллиард долларға жеткізуді жүктелгенін. Бұл міндет жүзеге асты ма?

«Самұрық-Қазына» қорының есебі бойынша оның жиынтықты активі 2023 жылғы 1 қазанда 37 трлн 19 млрд 277 млн теңгені ғана құрады. Бұл сол тұстағы бағам бойынша шамамен 78 миллиард доллардай ғана.

Бұған қоса, сонда 5 жылдан кейін, яғни 2020 жылы қордың кем дегенде 3 компаниясын Fortune-500 – әлемнің ең ірі компанияларының тізіміне кіргізу міндеті қойылды. Бұл міндет те орындалмады.

Экономистер тағы бір жайтқа назар аудартады: 2014 жылы ұлттық әл-ауқат қорының трансформациясына жолдана берілгенде «Самұрық-Қазына» жиынтықты активтері Қазақстанның ЖІӨ-сінің жартысына теңелгені жарияланды.

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2023 жыл қорытындысында Қазақстанның ЖІӨ-сі 119 трлн 251 млрд теңгеден асты. Сәйкесінше, қазір «Самұрық-Қазына» жиынтықты активтері елдің ЖІӨ-сінің небәрі 31%-ын ғана құрайды.

Айтпақшы, бұрынғы билік «Самұрық-Қазынадай» теңдесі жоқ алпауытты құрғанда сол кезде супертыңымал үлгі – Сингапурдың кезекті тәжірибесін тағылым етті. Сингапурдың Temasek Holdings қоры 2004 жылы трансформацияланудан өту арқасында төл капиталын 3 есеге – 54 миллиард 176 миллиард долларға дейін арттыра алды. 2023 жылғы көрсеткіші – 194 млрд доллар (262,4 миллиард сингапур доллары).

Темасек – мемлекеттің активтерін басқаратын іс жүзіндегі жеке, тәуелсіз компанияға айналды. Оның жоғарғы менеджментін Үкімет тағайындайды, алайда мемлекет Temasek-ке бір тиын бюджеттік қаражат бермек түгіл ешқандай жеңілдіктер мен артықшылықтар ұсынбайды.

ТАҢДАУ: НАРЫҚ, ӘДІЛ МЕМЛЕКЕТ КАПИТАЛИЗМІ?

Президенттің ырықтандыру саясатына қызу қолдау білдіріп отыр. Олардың пайымдауына, бұл мәселені шешетін кез жетті. Бүгінде мемлекет – шенеуніктер мен әкімқаралар экономиканың 30 секторының 20-сына қатысады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінде орташа көрсеткіш 13 қана.

«Квазимемлекеттік сектор субъектілері жеке кәсіпкерлік пен бәсекелестікті дамытуға болатын салаларда жұмыс жүргізеді. Мысалы, түрлі көлік тасымалы, өңдеу өнеркәсібі, қаржылық қызметтер, телекоммуникация, жер қойнауын пайдалану және басқасы. Қазақстанда Yellow Pages қағидаттары сақталмайды! Бұл жеке кәсіпкерліктің дамуына кері серетеді. Инновациялардың ендірілуін тежейді және еңбек өнімділігінің өсуін төмендетеді. Салдарынан экономиканың дамуы бәсеңдеді. Әлі күнге дейін мемлекеттік автобус паркттері, микроқаржы ұйымдары, аумақтарды тазалау және абаттандыру ұйымдары, қонақүйлер мен санаторийлер, күзет агенттіктері және басқасы бар. Олар өз қызметіне бюджеттен тікелей тапсырыстар мен субсидиялар алады», – делінген Мәжіліс депутаттарының Үкіметке хатында.

Мәжіліс депутаты Айтуар Қошмамбетов КМС субъектілерінің кәсіпкерлікке қыспағына қатысты мысалдар келтірді. 2024 жылы «Қызылорда электр желісін тарату компаниясы» коммуналдық кәсіпорны жеке секторда бәсекелестері бола тұра құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алу шеңберінде 1 миллиард теңгеден астам сомаға 300 келісімшартты иеленіп алған.

Алматы қаласы кімдігінің «Алматыэлектротранс» коммуналдық кәсіпорны 2018–2023 жылдары аралығында бюджеттен 378 миллиард теңге көлемінде субсидия ж не көмек алды. Оның үстіне, бұлар – ұсқарту ғана. Алпауыт КМС компанияларының араны да апанданды.

Депутаттың айтуынша, Қазақстанның бүкіл «қаржылизингі» нарығының 95%-ы – небәрі 2 квазимемлекеттік ұйымға тиесілі!

– Қазақстан жаппай жеке кәсіпкерлікті дамыту жолымен жүріп жатыр ма, әлде біз мемлекеттік капитализмді құруды жалғастыра береміз бе, нақты шешім қабылдау керек! Мемлекет экономикаға шамадан тыс араласуын қойып, жеке бизнеспен бәсекелесуді тоқтатса ғана нарықтық экономика құру мүмкін болады. Сондықтан біз Үкіметке сөзбұйраға сала бермей, квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға кірісуді ұсындық. Жұмыс істеп тұрған мемлекеттік кәсіпорындар мен ұлттық компанияларға толық ревизия жүргізу керек. Олардың мақсат-міндеттері қайта қарауды талап етеді. Біртекті квазимемлекеттік компанияларды біріктіруді, қайталанатынын мүлдем жоюды ұсынып отырмыз, – деді депутат Айтуар Асқарұлы.

Депутаттар Үкіметтен мемлекеттік кәсіпорындар мен квазимемлекеттік компаниялар үшін рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін қайта қарауды талап етті. Олардың ұстанымынша, жеке секторда баламалары болмаса ғана мемлекеттік ұйымдар – тек әлеуметтік объектілерге (денсаулық сақтау, коммуналдық қызметтер, т.б.) және стратегиялық объектілерге (инфрақұрылымдық объектілер, энергетика, көлік, т.б.) қатыса алуы керек. Барлық басқа объекті жекешелендірілгені жөн.

Премьер-Министр Олжас Бектенов депутаттар мен сарапшылардың квазимемлекеттік сектордағы жұмыс істеп тұрған субъектілерге толық ревизия және талдау жүргізу, олардың қызмет түрлерін қайта қарау, цифрландыру арқылы жекешелендіру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстары қолдау табатынын айтты.

Олжас Бектенов 2024 жылы жаңа тәжірибені енгізгелі жатқандарын хабарлады: Үкімет квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі іс-шараларды қалай іске асырып жатқаны, мемлекеттік активтердің ахуалы, КМС-терді басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы Парламентке ұсынбақ. Біраз былық сонда әшкереленуі мүмкін.

Ары қарай «КМС субъектілерінің қызмет тиімділігін кешенді талдауды, қаржылық және қаржылық емес қызметінің нәтижелерін, әлеуметтік және өзге де міндеттерді орындауын» камтитын мұндай ұлттық баяндаманы Үкімет жыл сайын ұсынып тұрады. Президенттің жаңа Жарлығындағы тапсырмалардың қалай орындалып жатқанын ел сол баяндамадан да білуі мүмкін.

Елдос СЕНБАЙ

Еліміздің білім саласы жаңартылған білім беру мазмұнына көшкелі бері биыл алғаш рет 5-11 сынып оқушылары қазақ тілінен емтихан тапсырып жатыр.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Бұған дейін бұл сынақтан тек 9-11 сынып оқушылары ғана өтетін. Енді олардың қатарына орта буынның 5, 6, 7, 8-сыныптары мен жоғары буынның 10-сыныбы қосылды.

Оқу-ағарту министрлігінің түсіндіруінше, емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау үшін өткізіледі. Бұл жанашылдық мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында «Тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Үкімет қаулысын орындауға негізделіп енгізілген. Сонымен қатар бұл емтихан қазақ тілін меңгермеген оқушыларды жазалау емес, тіл үйренуге ынталандыруға көбірек бағытталған.

«Бұл емтихан — қазақ тілін жетілдіруге бағытталған шара. Ол биыл енгізіліп жатыр, сондықтан мен бұл емтиханды жоғары деңгейде өткізуді бұйырдым. Алайда емтихан балалардың құқығын бұзбауға тиіс», — деді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Яғни, елді елендеткен емтихан қазақ тілін оқыту мен білімнің сапасын арттыру үшін енгізіліп отыр. Сондай-ақ емтиханды қазақ тілінде оқытатын мектептер тек қазақ тілі бойынша тапсырса, ал қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептер қазақ тілі және әдебиеті бойынша тапсырады.



Қазақ тілінен емтихан өткізу оқушылардың қазақ тілін меңгеруіне айтарлықтай септігін тигізеді. Оқушыларды қазақ тілін терең меңгеруге ынталандырады. Емтиханға жүйелі түрде дайындалу, оның академиялық және мансаптық перспективалары үшін маңыздылығын сезіну, сондай-ақ білімді объективті бағалау оқушылардың ынтасын арттыруға көмектеседі.

Десек те, мектепте 11 жыл бойы қазақ тілін оқығанымен, мектеп қабырғасынан мемлекеттік тілді білмей кететін оқушылардың да бар екенін ескеруіміз керек. Сондықтан «Емтихан қазақ тілінің мектептердегі шынайы жағдайын анықтауға көмектесетін құрал бола ала ма? Оқушылардың мемлекеттік тілді мектеп қабырғасында жүріп меңгеруіне қаншалықты ықпалы болмақ?» деген сұрақтардың туындайтыны заңдылық.



ҚАЗАҚ ТІЛІ ЕМТИХАНЫ – САЛМАҚТЫ СЫНАҚ

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі: Жұлдыз Сүлейменова бұл емтиханның азаматтық қоғам сұранысы, тіл жанашырларының арманы екенін айтады. Депутаттың айтуынша, қазақ тілінен оқушылардың

тор болады. Қазақ тілі ұстаздарының кәсіби біліктілігін үнемі арттыруды және заманауи методикаларды меңгеруі де өзекті. Ұстаздарды даярлауда қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндерінен білім мазмұнын түсініп, түйсініп, аналитика және тілдік норма дағдыларына көңіл бөлу қажет. Қазақ тілінен емтихан өткізу оқушылардың қазақ тілін меңгеруіне айтарлықтай септігін тигізеді. Оқушыларды қазақ тілін терең меңгеруге ынталандырады. Емтиханға жүйелі түрде дайындалу, оның академиялық және мансаптық перспективалары үшін маңыздылығын сезіну, сондай-ақ білімді объективті бағалау оқушылардың ынтасын арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар емтихан тілдік нормалардан сұрақтарды қамтиды, тақырыптарға эссе жазу да оқушылардың тілдік дағдыларын тиімді меңгеруіне, тілдік сауаттың дамытуға септігін тигізеді, — деді депутат.

Егер оқушы емтиханнан сүрінген жағдайда сол сыныпты қайта оқымайды. Келесі сыныпқа көшеді. Бірақ емтиханның қорытындысы оқушылардың негізгі қорытынды бағаларына әсер етеді. Оқу-ағарту министрлігі Орта білім комитетінің бас сарапшысы Гүлсила Мұздыбекованың айтуынша, мысалы 5-ке оқып келе жатқан «Алтын белгіге» үміткерлер оқушы осы аралық емтиханнан 4 деген баға алып қалса, ол «Алтын белгіге» үміткер болып табылмайды. Сон-

дықтан оқушылар емтиханның өзіндік салмағы, жауапкершілігі бар, сынақ екенін ескеруі керек.

Кеше алғаш рет емтихан тапсырған оқушылардың дайындығы, көңіл күйі, емтихан нәтижелері туралы сұрағанымызда, Астана қаласы Байтұрсынұлы атындағы Vinom school мектеп-лицейінің Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Дәмелі Тасболатқызы:

— Қазақ тілінен емтихан тапсыру — ең алдымен мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру. Бірақ мемлекеттік тілдің мәселесін бір емтихан шеше алмайды. Бұл — менің жеке пікірім. Дегенмен оқушылар емтихан екенін сезініп, жауапкершілікпен келді. Біздің мектептің ұстаздары үшін бір

ТҮЙІН:

Кейінгі жылдары еліміздің білім жүйесіне жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы енгізіліп, білім сапасын бағалау жүйесінде біршама өзгерістер қолға алына бастады. Нәтижесінде, оқу процесін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері өзгерді. Жаңартылған мазмұн оқушыларға сыни және шығармашылық ойлау дағдысын дамыту, ойын қорыта алу, пікірін ашық айту талабын қойып отыр.

Қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы: «Ұрпақты ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбеккер егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді» депті. Ал ұстаз мемлекет бекітіп берген бағдарламамен жұмыс істейді. Олай болса, білім беру бағдарламасының жасалып, бекітілуі — үлкен жауапкершілік. Сол сияқты қазақ тілінен емтихан тапсыру үрдісі де мемлекет бекіткен үлкен жауапкершілік екені сөзсіз.

ЭВЕРЕСТКЕ ШЫҚҚАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

«өлім аймағы» деп атайтын биіктік екен. Бірақ экспедиция жетекшісі Максұт Жұмаевтың зор тәжірибесі, сондай-ақ дұрыс таңдалған құрал-жабдықтары қатысушыларды айтарлықтай қорғады деуге болады», — деді А.Бурашева.

Айта кетейік, экспедицияны Everest Development компаниясы ұйымдастырып, команданың шыңға сапары кезіндегі барлық шығынын өз мойнына алып, Гималайда қатысушыларға жан-жақты қолдау көрсетті. Анар Everest Development компаниясына жұмысқа орналасуға келіп, бос уақытында скайраннингпен айналысатынын айтып, осы сирек кездесетін спорт түрі бойынша жаттықтырушы болатынына компанияның қарсылығы бар-жоғын сұраған. Компания Анардың қызығушылығын қолдап, нәтижесінде Анар Африканың ең биік шыңы Килиманджароны (5895 м) бағындыру бойынша аталған компанияның экспедиция мүшесі атанды.

«Осыдан бұрын Килиманджаро шыңына сәтті шығуымызбен бір-бірімізді құттықтап жатып: «Келесі жолы қайда? Бәлкім, бұдан да биігіне — Эверестке шығып, компанияның атын ұлықтарымыз?» деп айтқанымыз есіме түсті. Сол сәтте Максұт, Альмир үшеміз бір-бірімізге қарап, оны да бағындыра алатынымызды және бағындырғанымыз келетінін түсіндік. Алматыға оралған соң, кенседе отырып, компания басшылығымен әңгімелестік. Альмир екеуіміз Максұт Жұмаевты шақырып алдық. Экспедицияны ұйымдастыру айтарлықтай шығынды талап еткенімен, басшылар идеямызды бірден қолдады. Осыдан кейін дереу дайындықты бастап кеттік. Эверестті екі

рет сәтті бағындырып келген тәжірибелі альпинист ретінде Максұт Жұмаев бізге жаттығу жоспарын әзірледі, дұрыс тамақтану жоспары бойынша рұхыстар берді. Ол сондай-ақ команданың барлық киімі мен құрал-жабдығын өзі таңдап берді», — деді альпинист қыз.

Еске салсақ, Алматыда 23 мамыр күні Kazakh Everest Team ұлттық-патриоттық экспедициясы қатысушыларымен баспасөз конференциясы өткен еді. Сол жылында экспедиция басшысы, планетаның 14 сегіз мыңдық шыңына көтерілген альпинист Максұт Жұмаев Эверест шыңында Қазақстан жалауы үшінші мәрте желбірегеніне қуанғанын жеткізген.

«Әдетте қайтар маршрутқа көптеген жазатайым оқиға болатынын атап өткім келеді. Альпинистер қатты шаршап, тонып, күш жоғалтып алғанда автоматты түрде қозғала береді, осындай кезде зейінді жоғалтпау, қарабинді бекітуді ұмытпау және шерптің нұсқауларын қатаң сақтау маңызды. Шында біз екі туды — еліміздің туы және Рахымжан Қошқарбаевтың Желіс туын көтердік. Мені алғашқы экспедицияма дайындаған ұстазым әрі тәлімгерім Ерванд Тихонович Ильинскийді әрдайым еске алып жүремін, ол әрдайым шәкірттеріне жана-шыр, бірақ талапшыл болатын. Бұл экспедицияда Анар мен Альмирден еш күнмәнданбадым, менің мансабымадағы ең биік шыңға үшінші көтерілімде еліміздің туын олармен бірге желбіреткенімізге қуаныштымын», — деді ол.

Шыңды бағындыру — физикалық және психикалық тұрғыдан қиын шаруа. Биікке көтерілу жинақылық пен батыл-



дықты талап етсе, шыңнан түсу де дәл сондай табандылықты қажет етеді. Команда шыңнан түсу кезінде күш жинап алу үшін лагерьде (8 000 м) бір түн түнепті.

Эвересттің шыңына тұңғыш рет қазақ қызының шығып ту тігуі тарихи оқиға ретінде тіркелді. «Эверестті бағындырған тұңғыш қазақ қызы» атағы бұйырған Анар Бурашева:

«Эверестке бірде-бір рет қазақ қызының бармағанын 2020 жылы білдім. Бұл — альпинизм мектебінде оқып жүрген кезім. Осы уақытта өлемнің ең биік нүктесіне көтерілу арманы пайда болды. Соңғы экспедициямыз 45 күнге жуық уақытқа созылды. 6 сәуірде басталып, 20 мамырда аяқталды. Құрамда Максұт

қияндық тудырған жағдай — 5, 6, 7, 8, 10-сынып қазақ, орыс сыныптарының емтиханының бір күнде өтетін болып белгіленуі. Себебі 30, 31 күндері бізде курстық оқу. Сол жағы бізге де, оқушыларға да қиын болып тұр. Әлі де сағат 2-де және сағат 4-те келетін сыныптар бар, — деді.

Негізінен, емтихан уақытын мектеп әкімшілігі белгілейді. Сондықтан ол мәселелерді мектеп әкімшілігі реттейді деп ойлаймыз. Ал Талапкер ауылы жалпы білім беретін мектебінің Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Асылбек Жұмабайдың айтуынша, жаңартылған білім беру мазмұны енгізілгенге дейін қазақ тілі мен математикадан бастауыш сынып оқушыларынан басқа барлық оқушылар аралық және қорытынды емтихан тапсыратын. Кейін біраз жыл бұл үрдіс тоқтап қалған еді. Сондықтан биылғы оқу жылындағы оқушылардың қазақ тілінен емтихан тапсыруы — жаналық болып отыр.

— Мұғалімдер үшін басты талап — академиялық адалдық. Өзін сыйлайтын, оқытып отырған пәнін құрметтейтін мұғалім үшін бұл басты ұстаным болуы қажет. Оқушылар емтиханда өздерін күнделікті сабақ барысындағыдай емен-еркін ұстауда. Себебі бұған дейін пән мұғалімі тарапынан «емтихан деген не, оқушылардың өздерін ұстау ережесі қандай, тапсырманың реті туралы» оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді, — деді ол.

Белгілі болғандай, емтихан тапсырмаларын сыныптың оқу бағдарламасын негізге ала отырып мұғалімдер дайындаған. Талапқа сай оқушылар ауызша және жазбаша түрде сынақтан өтіп, қазақ тілінде оқу, жазу, тыңдау мен сөйлеу дағдыларын «електен» өткізетін болады. Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, мамырдың 27-сі күні басталған аралық және қорытынды емтихан тапсыру кезеңі 11 маусымға дейін жалғасады. Бірінші рет қазақ тілінен емтихан тапсырып жатқан 5-8 және 10 сынып оқушылары 31 мамырға дейін, ал 29 мамыр мен 10 маусым аралығында 9 сыныпты бітірушілер үшін қорытынды емтихандар болады. 11 сыныпты бітіруші түлектер 28 мамыр мен 11 маусым аралығында емтихан тапсырады.

6 сәуірде Kazakh Everest Team спорттық-патриоттық экспедициясының қатысушылары Эвересттің шыңына бет алған болатын. Экспедиция құрамында әлемнің ең биік шыңына осымен үшінші рет шыққан, аты аңызға айналған альпинист Максұт Жұмаев, Анар Бурашева және Альмир Қымбатбайұлы болды. 12 мамырда Непал уақытымен таңғы сағат 07:25-те қазақстандық Kazakh Everest Team экспедициялық командасы Эверестке шықты.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Қолайсыз ауа райының болуына қарамастан, қазақстандықтар ең биік шыңға көтерілген альпинистердің қатарынан табылды. Ал өзге елден келген қатысушылардың арасында биіктікке көтерілу барысында шыңға жетпей, лагерьге (8 000 м) кері қайтқандары да кездескен. Қазақстандық команда «ауа райы терезесін» дұрыс болжай алуының нәтижесінде шыңды сәтті бағындырыпты. «Ауа райы терезесі» — салыстырмалы түрде қолайлы ауа райы орнап, тауға шығуға мүмкін болатын күндер. Мұндай күндер Эверестте жылына екі рет — мамыр айының ортасы мен қарашада болады.

«Айта кету керек, бұл жолы ауа райы қолайсыз болды: экспедиция басталар күннің қарсаңында түнде қар жауып, бағыттың кейбір қауіпті бөліктерін жасырып қалды, бұл альпинистерге қосымша қауіп төндірді. Алысты көру мүмкіндігі шектелді, 8 000 метр биіктен бастап өте қатты сиретілген ауа оттегі мақсасын тағуды міндеттеді, өйткені ауда атмосферада болатын және адамның қалыпты өмір сүруі үшін қажет оттегінің үштен бір бөлігі ғана болды. Бұл — альпинистер

Жұмаев — команда жаттықтырушысы, ал Алмир Қымбатбаев команда жетекшісі болды», — деді.

Айта кетейік, үш қазақстандық альпинистен құралған командалық экспедиция Қазақстанның біртуар батырлары — Қазақстан Республикасының бірінші қорғаныс министрі, Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаев пен Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналған.

Одан бөлек, Анар Бурашева өлемнің «шатырына» өзімен бірге Сағадат Нұрмағамбетовтің, Рахымжан Қошқарбаевтің кітабы мен өз әкесінің жеке компасын алып шыққан. Эверестті бағындырған қазақ қызы алдағы уақытта жеті континенттің ең биік шыңдарын, соның ішінде Монблан шыңын бағындыру жоспарының алдының қатарында тұрғанын да жасырмады.

«Әрине, бұл жетістікпен тоқтап қалғым келмейді. Елге орала салысымен, басшыларыма: «Жалғастыру керек!» деп айтып, қатты таңғалдырған болармын. «7 шың» бағдарламасына қатысып, барлық құрлықтың ең биік тауларына көтерілім келеді. Оның үстіне, менің қоржымында африкалық Килиманджаро және Еуразия мен бүкіл планетаның ең биік шыңы — Эверест бар!» — деп жоспарларын бөлісті Анар Бурашева.

1997 жылы Эверестке жеткен тұңғыш қазақстандық әйел Людмила Савина болса, тұңғыш қазақ қызы — Анар Бурашева. Ол экспедициядан оралғаннан кейін спорт өлемінде жетістікке жеткізетін қадамдарға жоспар құруда екенін айтып.

Kazakh Everest Team экспедициясын қолдау мақсатында қазақстандықтардың Эверестке көтерілуі туралы фильм түсіріліп жатыр. Отандық деректі фильм түсіруші Фибрат Бакаев режиссерлік еткен фильм биыл күзде көпшілікке таныстырылады. Айта кетейік, түсірілім тобы Непалда қатысушылармен бірге жүріп, олардың көтерілуіне дайындығынан құнды кадрлар түсіріп алды.

Адам санасы мың қатпар, жаратылысы жұмбақ. Ғалымдардың әлі күнге пенде баласының мүмкіндіктері мен ми қыртыстарындағы жаңалықтарды зерттеп тауыса алмауы бұл ретте қалыпты дүние десек болады. Тіпті, адамның жүйке жүйесіндегі кейбір сырқаттардың емі мен себебін де әлі күнге анықтау үстінде. Сондай сырқаттардың бірі ретінде шизофрения ауруын атауға болады. Жалпы, шизофрения туралы не білеміз? Оның емі бар ма? Бұл сырқатпен ауыратындар қоғамға қауіпті ме? Жұқпалы ма әлде тұқым қуалай ма? Міне, осы сұрақтардың жауабын іздеп көрелік.



ШИЗОФРЕНИЯҒА ШИՇА БАР МА?

Наурызбек САПША

БҮЛ ҚАНДАЙ АУРУ?

Шизофрения — бұл кең тараған психикалық ауру. Ауруды жеке ауру ретінде алғаш неміс психиатры Э.Крепелин бөліп қарастырған еді. Кейінірек швейцариялық психиатр Е.Блейлер бұл ауруға жаңа атау «шизофрения» терминін ұсынып, ол бұл дерттің белгілерін ажыратты: наукастың әлеуметтік байланыстарды жоғалтуын (аутизм), эмоцияның кедейленуін, психиканың ыдырауын, ойлаудың ерекше бұзылыстарын, әртүрлі психикалық өзгерістер арасындағы диссоциация көріністерін жатқызды. Э.Крепелин шизофрения токсикоздың, соның ішінде жыныс бездерінің қызметі бұзылысы нәтижесінде пайда болады деген тұжырым жасады. Шизофренианың пайда болуында тұқымқуалаушылық патологияның рөлі анықталған, шизофрения дамуының биологиялық ата-анамен байланыстылығы дәлелденген. Бұл сырқаттың пайда болуы себебі әлі толық зерттелмеген, дегенмен шизофрения әртүрлі жағдайдың, түрлі аурулардың адам психикасына әсер етуіне байланысты пайда болады деген ұғым бар. Ауру кейде ұзақ, кейде ұстамалы түрде тез өтеді. Шизофрения негізінде жоғары жүйке жүйесі қызметінің бұзылуынан болады. Сырқат кезінде сандырақ, галлюцинация, еліру, мелшіп қозғалмай қатып қалу сияқты психикалық өзгерістер аурудың үдеуіне қарай күшейе түседі. Ауру күшейген кезде науқас сөйлеспейді, оның ой-сезімі, түсінігі өзгереді, сөйлеген сөзі, айтқан пікірі басқаларға түсініксіз болады. Шизофренианың белгілері кейде өте тез айқын білінсе, кейде өте баяу бірнеше жылдан

19 586 ер адам болған. Сонымен қатар 2023 жылы психикалық денсаулық орталықтарында 70,5 мың науқас, оның ішінде 8 мыңнан аса бала емделген. 1 қантардағы жағдай бойынша Психикалық денсаулық орталықтарында 7 223 науқас болған.

ЕЛІМІЗДЕ БҮЛ АУРУДЫҢ БАРЫН БІЛМЕЙТІНДЕР КӨП

Жуырда Астанада Дүниежүзілік шизофрения күніне арналған ашық жиын өтті. Шара барысында қатысушылар ел тұрғындарының психикалық денсаулығы тақырыбы бойынша сауалнама нәтижелері ұсынылды. Сауалнама Қазақстанның екі ірі қаласында — Алматы мен Астанада жүргізілді. Қатысушылар саны 1 000 адамнан асқан, респонденттер 18 бен 65 жас аралығындағы қала тұрғындары болды. Респонденттердің 13 пайызы үлкен қаланың тұрғындары болғанына қарамастан шизофрения диагнозы туралы ешқашан естімеген. Оның үстіне, респонденттердің 45 пайызы бұл дертке шалдыққандарды қоғамға қауіпті деп санайды.

Айта кету керек, адамдар шизофрения диагнозынан қорқып қана қоймай, респонденттердің 28 пайызы бұл дертке шалдыққандарды қоғамнан оқшаулау қажет деп санайды.

«Сауалнама нәтижесінде аталған психикалық ауытқу өз тәжірибесінде болмаған адамдар мұндай дерттің бар екенін де білмейді деген қорытынды жасауға болады. Көшелерде жүргізілген офлайн сауалнама азаматтардың хабардарлығы адамдардың жас санатына ғана емес, тұрғылықты жерінің географиясы мен сөйлесу тіліне де байланысты екенін көрсетті. Мысалы, астаналықтарға қарағанда Алматы тұрғындары бұл дерт туралы көбірек біледі», — дейді шараны ұйымдастырушы GEDEON RICHTER KZ ЖШС PR менеджері Динара Бірмағанбетова.

Оның айтуынша, компания алынған мәліметтерге сүйене отырып, жағдайды сараптап, азаматтарды психикалық аурулар туралы мемлекеттік тілде ақпараттандыруға бағытталған ағарту жұмыстарының жеткіліксіздігі туралы қорытындыға келген.

«Бұл бізді қазақ тіліндегі мамандандырылған ақпараттың мазмұнын арттыруға барынша күш салуға итермеледі. Осылайша, бүгінде әлеуметтік желілер мен веб-сайттағы контент бірінші кезекте мемлекеттік тілде қалыптастырылып, бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті хабарламалар беріліп жатыр», — дейді ол.

Сонымен қатар Динара Бірмағанбетова компания 2024 жылы мемлекеттік тілде шизофрения туралы ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ «Шизофрения қаз-қалпында: жақындарыңызға арналған кітап» еңбегін қазақ тіліне аударуды көздеп отырғанын хабарлады.

Дегенмен хабардарлықтың жалпы көрінісі жаман емес. Респонденттердің 87 пайызы шизофренианың не екенін біледі, 48 пайызы бұл аурумен ауыратындардың қоғамға қауіпті екеніне сенбейді, 67 пайызы бұл диагнозды адамдарды оқшаулау қажет деген пікірмен келіспейді.

Ал кездесу қонағы Астана қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас психиатры Елена Полиенко:

«Қазақстанда 47 мыңға жуық адамға шизофрения диагнозы қойылған. Әрине, бұл — тұрақты бақылауды және ұзақмерзімді терапияны қажет ететін өте ауыр психикалық бұзылыс. Бірақ медицинада бүгінде жақсы нәтижелерге қол жеткізе алатын және пациенттердің жеке және әлеуметтік қызметін мүмкіндігінше қалпына келтіретін және пациенттердің қанағаттанарлық өмір сүру сапасына қол жеткізе алатын заманауи антипсихотика-

лық препараттар бар. Шизофренияға шалдыққан адамдардың кем дегенде үштен бірі дұрыс терапиямен симптомдардың толық ремиссиясын сезінеді. Сондықтан шизофренияға шалдыққан адамдар қоғамға қауіп төндірмейді деп сеніммен айта аламыз», — деп баса айтты Елена Полиенко.

Шизофрениадан зардап шегетін адамдардың құқықтары жиі бұзылады. Өкінішке қарай, ауруға шалдыққан адамдарға қатысты стигма қарқынды және кең таралған, бұл олардың әлеуметтік оқшаулануына әкеліп соғады және олардың басқалармен, соның ішінде отбасымен және достарымен қарым-қатынасына теріс әсер етеді. Сондықтан оларға қолдау қажет, бұл үшін халықтың барынша көп пайызы осы дерт туралы білуі керек.

МАМАННЫҢ СӨЗІ МАҢЫЗДЫ

Біз осы ретте Астана қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас психиатры Елена Полиенко осы сырқат туралы толығырақ білу үшін өңгімеге тартқан едік. Біздің «Дүниежүзі елдері бұл дертпен қалай күресіп жатыр? Ал біздің елдегі жағдай қалай?» деген сұрағымызға психиатр былай деп жауап берді:

«Әлемдік қауымдастықта шизофренианы емдеу дәрі-дәрмек, психотерапия және әлеуметтік қолдауды біріктіретін кешенді тәсілді қамтиды. Қазіргі заманғы антипсихотиктер, әсіресе жана буын препараттары үлкен (галлюцинация, сандырақ) және кіші белгілерді (апатия, әлеуметтік оқшаулану) жеңілдетуде тиімді. Пациенттерді әлеуметтік бейімдеуге және қоғамға интеграциялауға бағытталған оналту бағдарламаларына маңызды рөл береді. Дамыған денсаулық сақтау жүйесі бар елдер пациенттерге толыққанды өмір сүруге мүмкіндік беретін қоғамдастық негізіндегі қолдауды қамтитын бағдарламаларды пайдаланады. Қазақстанда шизофренианы диагностикалау мен емдеуді жақсарту бойынша да шаралар қабылданды. Пациенттерді заманауи дәрі-дәрмекпен және психотерапевтік көмекпен қамтамасыз етуге қолжетімділік артып келеді. Стигманы азайту және шизофрениамен ауыратын науқастар қауіпті және оларды оқшаулау қажет деген мифтерді жою үшін қоғамдық білім беру жұмыстары да жүргізілуде», — дейді ол.

Сонымен қатар ол Қазақстанда шизофрения диагнозы қойылған науқастардың саны жөнінде де өз ақпаратымен бөлісті.

«Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының статистикасы бар, оған сәйкес 24 миллион адам немесе планетадағы әрбір 300-ші адам шизофрения дертімен бетпе-бет келеді. Аурудың бүкіл әлем бойынша таралуы 0,4-тен 1,4 пайызға дейін ауытқиды және әлемнің барлық аймақтарында шамамен бірдей көрсеткіш көрсетеді. Қазақстанда шизофрения ауруының таралуы халықтың 0,6-0,7 пайызын және елдегі барлық психикалық науқастардың 19 пайызын құрайды. Қазақстанда тіркелген дерт санының артуы сырқаттанушылықтың нақты өсуіне емес, жана жағдайларды анықтауға байланысты болады», — дейді психиатр.

Елена Полиенко диагнозы бар адамдарды қоғамға бейімдеу үшін қандай жұмыстар атқарылып жатқанына да тоқталды.

«Шизофрениямен ауыратын науқастарды қоғамға бейімдеу үшін әртүрлі шаралар қабылданады, соның ішінде дәрі-дәрмекпен емдеу, яғни симптомдарды бақылауға көмектесетін және пациенттердің қалыпты өмір сүруіне мүмкіндік беретін заманауи антипсихотиктерді қол-

дану; екіншісі — психотерапия, яғни әлеуметтік қызметті жақсартуға және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған жеке және топтық терапия. Шаралардың енді бірі — оналту бағдарламалары: пациенттердің қалыпты өмірге оралуына көмектесетін бағдарламалар, соның ішінде емі беру, белгілі бір мамандықтарға оқыту және жұмысқа орналасуға қолдау көрсету. Сондай-ақ қоғамдық ағарту жұмыстары да өз тиімділігін көрсетуде: бұл дегеніміз — стигманы азайтуға және шизофрениамен ауыратын науқастардың қауіпті емес екенін және қоғамда ел қатарлы өмір сүруі мүмкін екендігі туралы хабардарлықты арттыруға бағытталған ақпараттық науқандар», — дейді дәрігер.

Дәрігер сондай-ақ бұл дерт әдетте жүре пайда болатынын айтты.

«Шизофрения — жүре пайда болатын ауру. Симптомдар әдетте кеш жасөспірімдік немесе ерте есейген кезде пайда болады. Зерттеулер көрсеткендей, шизофрения — генетикалық факторлар мен қоршаған орта триггерлерінің өзара әрекеттесуінің нәтижесі. Тұқым қуалайтын бейімділік те маңызды рөл атқарады, бірақ ауру көбінесе стресс факторларының әсерінен, түрлі зиянды заттарды қолдану немесе жаракат нәтижесінде көрінеді. Шизофренианы диагностикалау — психиатрдың құзыретіндегі жұмыс. Ата-аналар психикалық жағдайдағы өзгерістерге мұқият болуы керек, егер ерекшеліктерін байқап бастаса, бірден маманмен кенесу керек.

Әдетте мына белгілерді байқауға болады: Мінез-құлықтың өзгеруі: тұйықталу, апатия, оқуға және хоббиге қызығушылықтың жоғалуы. Эмоциялық тұрақсыздық: шамадан тыс алаңдаушылық, күдік, көңіл күйдің құбылуы. Когнитивті бұзылулар: зейінді шоғырландыру, есте сақтау және ойлау жүйесінің бұзылуы. Қабылдау бұзылыстары: галлюцинациялар (көбінесе есту) және иллюзия. Егер ата-аналар мұндай белгілерді байқаса, диагнозды нақтылау үшін және емдеуді уақытылы бастау үшін маманның көмегіне жүгінуі керек».

Елена Полиенко шизофренианы дәрі-дәрмексіз емдеу мүмкін еместігін де атап өтті.

«Дәрі-дәрмекпен емдеу — шизофренианы емдеудің негізгі бағыты. Заманауи нейрореплетиктер симптомдарды тиімді бақылайды және рецидивтерді болдырмайды, сонымен қатар пациенттерге қалыпты өмір сүруге мүмкіндік береді. Дәрі-дәрмексіз симптомдар айқын байқала бастауы мүмкін, бұл пациенттің өмір сапасы мен функционалдық жағдайының айтарлықтай нашарлауына әкеледі. Қазір-

гі уақытта шизофренианы толық емдеу мүмкін емес, бірақ дұрыс және уақытылы емдеу ұзақмерзімді ремиссияға қол жеткізе алады. Пациенттер толыққанды өмір сүре алады, жұмыс істей алады, оқи алады және жеке қарым-қатынас құра алады. Ең бастысы, тұрақты медициналық бақылау және тағайындалған терапияны сақтау — маңызды», — дейді ол.

«ГЕНИЙЛЕР» СЫРҚАТЫ

Әлемде шығармашылық адамдардың көбі шизофренияға шалдыққан. Зерттеулерге қарағанда, ақындар мен жазушылардың 25 пайызы, ал суретшілердің 30 пайызға жуығы осы дертке душар болған. Өзінің шығармашылық жолындағы үлкен жетістіктеріне аталмыш ауруға шалдыққаннан кейін қол жеткізгендер де көп. Мәселен, нидерландтық қылқалам шебері Винсент Ван Гог өзінің картиналарын осы сырқатқа ұшырағанда көбірек салған, ал орыстың атакты жазушысы Николай Гоголь галлюцинацияларды жиі бастан өткізгенін көпшілік біледі. Шығармашылық және ғылыми қызметінің нәтижесінде ғылым мен мәдениетте өшпес із қалдырған және әлемді жақсы



жаққа өзгерте білген «ұлы шизофрениктер» туралы айтар болсақ тіптен көп.

Мысалы, Фридрих Вильгельм Ницшеге қарапайым шизофрения емес, аталған аурудың ең асқынған, яғни ақыл-ойдың тазеленуін, бас ауруынан жапа шеккен. Ол етігімен су ішіп, қатардағы әскерді Бисмарк (Германия империясының бірінші канцлері) деп ойлап, шыны сынықтарынан тоған тұрғызған. Ницше ұрпақ жанында осы әрекеттерімен емес, ойшыл, филолог, композитор, ақын және философиялық ілімді жасаушы ретінде қалды.

Сол секілді жазушы Филипп К.Дик шизофренианың жеңіл түрімен ауыратынын айтқан. Ол кино әлемінде «Ұстара жүзімен жүргіретіндер» фильмінің негіз болған «Андройдтар электрлі қойды армандай ма?» (1968) атты ғылыми фантастикалық романымен танымал болды. Кейбіреулердің айтуынша, дәл осы ауру авторға кітаптарының тақырыбы мен сюжетін жасауға көмектескен.

Кейбір зерттеушілер ұлы математик және физик Исаак Ньютонда шизофрения және биполярлық бұзылыс болған деп санайды. Оның көңіл күйі сағат сайын өзгергендіктен, онымен сөйлесу өте қиын болған екен.

1994 жылы экономика бойынша Нобель сыйлығы ойын теориясы мен дифференциалдық геометрия саласында жұмыс істеген белгілі америкалық математик Джон Форбс Нэшке берілді. Бір қызығы, Джон Нэш ауруымен «келісе алған». Ұстама кезінде ол ауруға назар аудармауды ұйренген. Бұл өз кезегінде дәрігерлер бастапқыда аурудың жақсаруы деп ойлаған. Дегенмен ол тек ауруын ғылымдағы ізденісін келтірмеу үшін сырқатымен «келісімге келгендігі» айтылады.

Бұл тізімге қарап отырсақ, әлемді өзгерткен жаналықтарымен көзге түскен ғалымдар да, шығармашылығымен өшпес із қалдырған ақын-жазушылар мен суретшілер де ауырған. Сондықтан бұл дертке шалдыққандарға шошына қараудан гөрі, жәрдемдескен жөн. Бірақ өз қауіпсіздігіңізді де басты назарда ұстаңыз дегіміз келеді.

ТҮЙІН:

Шизофренианы анықтауға арналған бірыңғай тест жоқ. Науқаста шизофрения бар-жоғын анықтауға психиатр көмек береді. Маман тексеру жүргізіп, шизофренианы басқа белгілері ұқсас аурулардан ажырататын әдіс қолданады. Шизофренианы лағы барынша ертерек анықтап, ертерек ем бастаса, соғұрлым жеңіске жетуге мүмкіндік мол. Зерттеулердің нәтижесі АҚШ-та шизофрениадан зардап шегетін науқастардың 70 пайызы жалпы ережелер негізінде жұмысқа тұрғысы келетінін көрсетті. Бірақ олардың 15 пайызы ғана жұмысқа тұра алады. Жұмыс істеп ақша табу арқылы шизофрениамен ауыратын науқастар өздерінің қоғамға керек екенін сезінеді. Одан бөлек, ұжымда жұмыс істеу әлеуметтік дағдыларын жақсартады. Жұмыс істейтін науқастар күйзеліс пен стрестен, шаршап қалудан сақ болғаны жөн. Ұлыбританияда олар қысқартылған немесе босатылған жұмыс тәртібімен жұмыс істейді. Егер науқас жұмыс істемесе, оған қаржылық көмек тағайындалады.



2024 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, психикалық және

мінез-құлық ауытқулары бар 198 417 адам

динамикалық бақылауда тұрған екен.

Олардың ішінде:

41 014 бала,

82 914 әйел,

115 503 ер адам

бар.



кейін байқалуы мүмкін. Дегенмен көпшілік бұл ауруды дұрыс емдеген жағдайда адамның еңбекке қабілеттілігін сақтап қалуға болатынын біле бермейді.

БІЗДЕГІ ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?

Жылдың басында Денсаулық сақтау министрлігі психикалық ауытқуы бар қазақстандықтар туралы мәлімет жариялаған болатын. Мәліметке сенсек, мұндай адамдар саны 200 мыңға жуықтаған. Яғни, 2024 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, психикалық және мінез-құлық ауытқулары бар 198 417 адам динамикалық бақылауда тұрған екен. Олардың ішінде: 41 014 бала, 82 914 әйел, 115 503 ер адам бар.

«Алайда психикалық және мінез-құлық ауытқуларының болуы стационарлық емдеуге көрсеткіш болып табылмайды. Стационарлық емдеу аурудың жедел ағымы немесе өршуі кезінде көрсетіледі. Стационарлық ем алғаннан кейін пациенттер амбулаторлық бақылауды жалғастырады», — делі ведомство өкілдері.

Министрлік мәліметінше, 2024 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша «шизофрения» диагнозымен дәрігерлердің бақылауында 289 бала, 19 405 әйел және

Гимнастар АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫН СӘТТІ АЯҚТАДЫ



Мамырдың екінші жартысы спорттық гимнастикадан ірі жарыстарға толы болды. Қазақстан құрамасы **Өзбекстанның Ташкент қаласында өткен лицензиялық Азия чемпионатында тарихи жетістіктерге қол жеткізді. Одан бөлек, Ұлттық құрама спортшылары Болгарияның Варна қаласында өткен чөлленджер санатындағы әлемдік турнирден алтынмен орады. Осы орайда Александр Ким шәкірттерінің Олимпиада қарсаңындағы әлеуетін бір саралап көрген едік.**

КАРИМИ ТАРИХИ ЖҮЛДЕ АЛДЫ

Ташкенттегі Азия чемпионаты Қазақстан ерлер құрамасы үшін айтарлықтай сәтті өтті. Бұл сында отандық гимнастар бұрын-соңды болмаған нәтиже тіркеді. Бір өттеген-айы — Париж Олимпиадасына берілетін құрлықтағы соңғы әрі жалғыз жолдама бұйырмасы. Біздің команда сапынан Милад Карими мен Нариман Курбанов Олимпиадаға лицензия алып қойған. Сол себепті, соңғы квотаға Дмитрий Патанин таласқан болатын. Өкінішке қарай, Патанин көпсайыста 75.598 ұпаймен небәрі бесінші орында қалды.

Көпсайыста филиппиндік Карлос Юло чемпион атанса, қазақстандық Милад Карими 84.632 ұпаймен күміс жүлдегер атанды. Коланы өзбекстандық Абдулло Азимов иеленген. Юло да, Карими де Париж ойындарының квотасын алып қойғандықтан, Азия құрлығына берілген жалғыз жолдаманы жарыс қожайыны, чемпионатты үшінші орынмен аяқтаған Азимов иеленді.

Енді Каримидің жетістігіне тоқталайық. Милад Карими жекелеген снарядтарда жүлде алғанымен, бұған дейін бірде-бір жарыста көпсайыстан тұғырға шықпаған. Карими ғана емес, Қазақстан құрамасы Азия чемпионатында көпсайыстан жүлдеге ілікпепті. Демек, Ташкенттегі бұл күміс медальдің орны тұтас құрама үшін ерекше. Оның үстіне, Карими жай спортшыға емес, әлем чемпионы әрі Олимпиада жүлдегеріне есе жіберді.

Одан бөлек, Милад Ташкент төрінде тағы екі рет тұғыр биігінен көрінді. Алдымен еркін жаттығудан күміс алса, өзінің оң жамбасына келетін кермедегі жаттығуда чемпион атанды. Милад Карими де өз мансабындағы сәтті жарыстардың бірін өткізді десек, артық емес. Бакудегі әлем кубогында аздап жарақаттанып қалған ол Ташкентте кеңінен көсіліп, бір өзі үш медаль аркалап қайтты.

«Милад қоссырықтан да, кермеден де финалға шықты. Бірақ кермедегі жаттығуда бар зейінін қою үшін қоссырықтағы финалдан бас тартты. Керме Каримидің жақсы орындайтын жаттығуы. Ол аяқтасында барлық қарсыласын бағамдап барып, бағдарламаны ең соңынан орындады. Оның комбинациясы қиындығы жөнінен 6,5-ті құрайтын. Соны таза атқарып шықты. 15.000 ұпай алды, бұл жаман көрсеткіш емес», — дейді бас бапкер Александр Ким.

НАРИМАННЫҢ ЕКІНШІ АЛТЫНЫ

Жақында ғана Париж Олимпиадасына жолдама алған Нариман Курбанов та маңызды жарыс қарсаңында қарқынның үдетуде. Бапкерлер әлем кубогінің шешуші кезеңінен соң Курбановқа біраз ескерту жасаған еді. Әсіресе, комбинация соңында секіретін тұста Нариманның үнемі 6,5

жіберетіні мамандар көңілін күпті қылып қойған. Одан бөлек, өзінің қолынан келетін базалық қиындықты да ойдағыдай атқарған жоқ. Міне, осы қателіктерді спортшы шешім шығарған сынағайлы. Өзбекстандағы Азия чемпионатының іріктеу кезеңінде қазақстандық спортшы 15.666 ұпай жинады. Мұндай бағаны әлемде ешбір гимнаст алмаған (тұтқалы ат снарядында). Ал финалда Нариман 15.600 ұпаймен топ жарды. Бұл аталған снарядтағы ең жоғарғы ұпайлардың бірі. Егер Курбанов осы деммен жалғастырып, 6,7 саналатын базалық қиындықты қатесіз орындап шықса, Олимпиада жүлдесіне де қол жеткізеді сөзсіз. Бұл Нариманның Азия чемпионатында жеңіп алған екінші алтыны. Курбанов былтыр да сары құрлықтың көш басында болған.

Өкінішке қарай, командалық жарыста Қазақстан құрамасы үздіктер қатарынан көріне алмады. Бұған команданың белсенді мүшесі Илияс Азизовтің жарыс

“*Милад Ташкент төрінде тағы екі рет тұғыр биігінен көрінді. Алдымен еркін жаттығудан күміс алса, өзінің оң жамбасына келетін кермедегі жаттығуда чемпион атанды. Милад Карими де өз мансабындағы сәтті жарыстардың бірін өткізді десек, артық емес. Бакудегі әлем кубогында аздап жарақаттанып қалған ол Ташкентте кеңінен көсіліп, бір өзі үш медаль арқалап қайтты.*”



кезінде жарақат алуы себеп болды. Бүгінде спортшы дәрігерлер бақылауында.

ҚЫЗДАРДЫҢ ТҰҢҒЫШ ЖҮЛДЕСІ

Ерлердің ізін ала, Ташкент төрінде қыздар арасындағы лицензиялық Азия біріншілігі өтті. Бұл сында Қазақстан атынан жүлдеге үмітті Аида Бауыржанова бақ сынады. Аида биылғы маусымда әлем кубогінің финалына екі рет шығып, елімізде ақсап тұрған әйелдер арасындағы спорттық гимнастикаға дем бергендей болған. Сол себепті, Ташкент төрінде де Бауыржановаға жолдама бұйырып қалар деген үміт оты мазады. Бірақ біздің қыз 50.365 ұпай жинап, төртінші орынға тұрақтады. Бұл сында қытайлықтар Цицафей Ху мен Синуй Цин өзара жүлде бөлісті. Ал сары құрлықта сарапқа салынған жалғыз әрі соңғы жолдаманы филиппиндік Эмма Малабуйо (50.398) жеңіп алды. Ол Азия біріншілігін үшінші орында аяқтаған.

Десе де, бұл екіншілігін орны толды. Соңғы жарыс күнінде Аида Бауыржанова еркін жаттығудан Азия чемпионатының қола жүлдегері атанды. Ол Филиппин мен Қытай спортшыларына ғана жол беріп, 13.066



ұпаймен үздік үштікті тұйықтады. 1996 жылдан бері өтіп келе жатқан Азия чемпионаттарының тарихында Қазақстан әйелдер құрамасы бірде-бір медаль алмаған екен.

Аиданың жеңісіне басқадан бұрын, өзінің сүйіктісі әрі командаласы Нариман Курбанов қатты қуанды. «Талай қиындық, көз жасы арқылы жеткен медальімді құтты болсын! Сенімен мақтанамын», — деп жазды Курбанов желідегі парақшасында.

Азия чемпионатынан оралған бойда гимнастарымыз Болгарияның Варна қаласында өткен чөлленджер санатындағы халықаралық сынаға қатысты. Бұл бәсекеде Нариман Курбанов тұтқалы ат снарядынан топ жарса, еркін жаттығудан Дмитрий Патанин алтын, Салим Асанов қола медаль жеңіп алды.

Париж Олимпиадасына дейін спортшыларымыз тағы бірнеше турнирде бақ сынады.

Арда КЕМЕЛ



ИНВЕСТИТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ФРОНТ-КЕҢСЕ

Алматы облысы өңірлік даму орталығының базасында инвесторларға құқықтық көмек көрсететін фронт-кеңсе жұмыс істейді. Жақында осы кеңседе «Атамекен» ҰҚП басқармасының төрағасы Райымбек Баталовтың аймақтағы мемлекеттік, құқықтық органдардың жетекшілерімен, бизнес өкілдерімен кездесуі өтті.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төрағасы елдамұна, өңір өркендеуіне үлес қосам деген ниеттегі инвесторларды ашық әңгімеге, өз пікірлерімен ұсыныстарын батыл айтуға шақырды. Ел Үкіметі мен Ұлттық палата бірлесіп дайындаған инвестициялық карта туралы жан-жақты баяндап, өзара сенімділік пен ашықтықтың кез келген мәселенің мәнісін келтіріп, шешімін табуға ықпал ететінін еске салды.

«Инвестициялық карта өңірлердегі инвестициялық жобаларды бақылау мен басқаруды жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік береді. Инвестициялық жобалардың орындалуын үнемі назарда ұстауға жол ашады. Онда ел дамуы үшін маңызы жоғары үдеріске қатысатындардың барлығын жауапкершілігі жіктеліп, жазылады және белгіленген жоспарлардан ауытқуларының себептері де нақты көрсетілетін болады», — деп мәлімдеді ҰҚП басқармасының төрағасы.

Алматы облысы әкімінің орынбасары Рустам Исатаев өз сөзінде инвестициялардың ішкі жалпы өнімнің негізгі қозғаушы күші ретіндегі маңыздылығын айта келе, инвестициялық саясаттың дұрыс жасалуы мен қолданылуы дамудың кепілі екендігіне ерекше тоқталды.

— Біздің басты мақсат — облыс экономикасына инвестициялар тарту бойынша жұмыстарды бақылауға ала отырып, инвесторлар үшін заңмен қарастырылған қо-

лайлы орта қалыптастыру. Осы бағытта тиісті мемлекеттік органдармен, инвесторлармен және кәсіпорындармен өзара ынтымақтастықта жүйелі жұмыстар жүргізудеміз, — деп атап кетті облыс әкімінің орынбасары.

Сонымен бірге «Атамекен» ҰҚП-мен бірлескен базадағы фронт-кеңседе кәсіпкерлермен тікелей байланыс орнатылады. Прокурорлар инвестициялар салу кезінде түрлі проблемаға тап болған кәсіпкерге құқықтық көмек береді. Осы жайында айтқан облыс прокурорының орынбасары Азамат Күркеней прокуратураның қадағалау қызметінің басымдыққа ие бағыттарының бірі — инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіру және проблемаларын тиімділікпен шешу екенін айрықша айтып өтті.

Кездесу барысында инвесторлар тарапынан бірқатар ұсыныс ортаға салынды. Сондай-ақ проблемалар да талқыға салынды. Салықтық және келендік жеңілдіктерге қолданылатын басымдыққа ие бағыттар бойынша экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктегіші (ОКЭД) санының жетістігіне қатысты мәселелер қозғалды. Инженерлік-коммуникациялық желілер бойынша инфрақұрылымдардың жоқтығы және тағы да басқа бірқатар проблема сөз болып, оларды шешу жолдары қарастырылды.

Б.КАБДЕШҰЛЫ,
Алматы облысы

ФЕРМЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ БӨЛІНДІ

Абай облысының шаруаларына жылдық 5% несие қолжетімді болып отыр. Аграрлық несие корпорациясының өңірлік филиалы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру мақсатында қолда бар 1,3 млрд теңгеге қосымша 8 млрд теңге бөлінді.

Бұл іс-шаралар Президент тапсырмасын орындау аясында Үкіметтің қолдауымен ұйымдастырылуда. Жалпы, еліміз бойынша көктемгі егістік және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру көлемі 300 млрд теңгеге ұлғайтылған.

«Фермерлерді қаржыландырудың жаңа шарттары бұрынғыдан өзгеше, бұл механизм фермерлер үшін бірқатар маңызды мәселені шешеді. Біріншіден, қарыз алушылар жылдық 5% деңгейінде жеңілдікті сыйақы мөлшерлемесімен қамтамасыз етілді. Мемлекеттік субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізілді. Енді фермер қосымша жұмыстары арзандатылған мөлшерлемені алады.

Екіншіден, кепілмен қамтамасыз ету мәселесін шешу қарастырылған. «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша фермерлердің қарыз сомасының 85% — «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры кепіл-



дік береді», — деп хабарлайды Аграрлық несие корпорациясы.

Бұған дейін несиелер қысқартылғанға дейін өтеу қажет болған екен. Ал енді қаржыландыру уақыты орта мерзімді болып саналады. Өтеу мерзімі ұлғайтылған. Мәселен, кәзір қарыздардың 50%-ын өтеу I желтоқсанға дейін, қалған 50%-ы келесі жылдың I наурызына дейін жабыласа болады. Бұл фермерлерге егінді неғұрлым тиімді бағамен сатуға мүмкіндік бермек.

Н.ОРАЗҒАЛИ



AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПІАШАЕР:
Айза ААЛЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕАЛПАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАҒАБСАЙ —
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
87901 673-42-14, 87172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
87711 804-61-32
postpiska.ai@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тансырыс №4452
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
(Сілеті көшесі 30,
т.ел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
т.ел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,